

Буынаяқтылар типі.
Желбезектыныстылар тип
тармағы. Шаянтәрізділер класы

Орындаған: Егемберді Н.Қ.

Тобы: Х(о)-17к


Қабылдаған: Акмагамбет Ш.Б.

Буынаяқтыла

р



Буынаяқтылар (Arthropoda) — омыртқасыз жануарлар типі. Олар теңіз, мұхит суларында, өзен мен көлдерде, топырақта, үңгірлерде, орманда, ашық далада, шөлді жерлерде тіршілік етеді.



1,5 млн-нан аса түрлері белгілі.
Буынаяқтылар 4 тип тармағына бөлінеді:

желбезектыныстылар (Branchiata);

хелицералылар (Chelicerata);

трилобиттәрізділер (Trilobitomorpha);

кеңірдектыныстылар (Tracheata).

Буынаяқтылар

Бұлардың дене құрылысы айқын сақиналарға жіктелген, 2 жақтаулы симметриялы. Аяқтары буын-буынға жіктелгендіктен Буынаяқтылар болып аталған. Денесі бас, көкірек және құрсақ бөлімдерінен тұрады. Дене сыртын хитин қабығы (кутикула) жабады. Ол қорғаныш әрі сыртқы қаңқа қызметін атқарады, оған бұлшық еттері жабысып бекиді.

Буынаяқтыл

ар

Буынаяқтылардың жүйке жүйесі жұтқыншақ маңындағы ганглиядан және құрсақ тізбегінен тұрады. Сезім органдары — иіс, дәм сезу мүшелері жақсы жетілген. Буынаяқтылардың өздігінен көре алатын фасетті көздері және тек жарықты сезе алатын көзшелері болады. Аяқтарының буындардан тұруы олардың жүрісін бағыттап отыруға, алуан түрлі күрделі қимылдар жасауға мүмкіндік береді. Қан айналу жүйесі ашық, жүрегі көп камералы.

Буынаяқтыл

ар

Буынаяқтылар денесіндегі целом қуысы, алғашқы қуыспен бірігіп кетіп, дененің тұрақты қуысын (миксоцель) құрайды, мұны аралас қуыс дейді. Тыныс алу жүйесі — желбезектерден (суда тіршілік ететіндерде), өкпе мен кеңірдектен (құрлықтағыларында) тұрады. Ас қорыту жүйесі ауыз қуысынан басталып, аналь саңылауымен аяқталады. Алдыңғы, ортаңғы және артқы (без қызметін атқаратын мальпигий түтік тәрізді өсінділерін түзеді) ішектері болады

Желбезектыныстылар тип тармағы-Vgapchiata

Бұл тип тармағының бір ғана класы бар:
шаянтәрізділер {Cgustacea}. Қазіргі заманғы
фаунада түрге өте бай класс. Ең басты белгілері екі
жұп мұртшаларының болуы:

- антеннулалар;
- антенналар.

Буынаяқтылар

ар

Шаян тәрізділер класының 35000-нан астам түрлері бар. Теңіз және тұщы су жануарлары. Олардың планктондық, отырықшы, еркін жүзіп жүретін теңіз түбін мекендейтін, құрылық және паразит түрлерін ажыратуға болады.



Буынаяқты лар

Шаянтәрізділер денесі 3 бөлімнен тұрады: бас (сerhalop), көкірек (тогах) және құрсақ (аbdomen). Бас бөлігі акроннан және үш сегменттің бірігуінен тұрады. Онда бес жұп өсінді бар: *антеннулалар, антенналар, мандибула, максилла I, максилла II*. Бастың алдыңғы бөлігі, яғни акрон мен антенналық сегменттің бірігуінен протоцефалон түзіледі. Барлық сегменттерінің қосылуынан (мандибұла, максилла I, максилла II) - гнатоцефалон түзіледі. Бұл бөлік көкіректің алғашқы бірнеше сегменттерімен бірігеді де көкірек - гнатоторакс түзеді.

Шаянтәрізділер класы

Өзен шаянының баскөкірек бөліміндегі бес жұп буын аяқтарының қысқарак ж/е жіңішкерек 4 жұбы су ішінде катты заттардын үстімен жүру қызметін атқарады



Буынаяқтыл

ар

Денесінің ұзындығы 1 — 2 мм-ден (ең майдасы су бүргесі *Alonella*, ұзындығы 0,25 мм) 80 см-ге жетеді. Ең ірісі — жапон шаяны (*Macrocheira kaempferi*), оның құлашы 4 м болады. Ең ауыр шаян — Солтүстік Атлант омары (*Homarus americanus*), оның салмағы 20 кг. Шаянтәрізділер денесін жауып тұратын кутикулада сыртқы қаңқаның қызметін атқаратын хитин көп. Ол қорғаныш қызметін атқарады, бірақ екінші жағынан — үздіксіз өсуіне кедергі жасайды. Сондықтан шаянтәріздер түлеу арқылы өседі.

Буынаяқты лар

Жапон шаяны






Солтүстік Атлант омары



Буынаяқты лар

Жоғары сатыдағы шаянтәрізділердің құрсақ аяқтары дамыған әрі қос бұтақты. Құрсағы көпқылтанды құрттардың пигидиіне (құрсақтың соңғы бөлімі) ұқсас тельсонмен (құрсағының соңғы бунағы) аяқталады. Жүйке жүйесі мидан және құрсақ жүйке тізбегінен тұрады. Ас қорыту жүйесі жақсы жетілген. Ішегі ас үгітетін қарыннан және “бауырдан” құралып, ортаңғы ішекке ашылады. Бір клеткалы организмдермен, өлексемен, органикалық заттармен, көп клеткалы өсімдік және жануарлармен қоректенеді. Желбезектерімен, егер олар болмаса, бүкіл денесімен тыныс алады. Қан айналу жүйесі тұйық емес, жүрегі арқа жағында орналасқан. Сезім мүшелері жақсы жетілген, олар сезімтал талшықтар (рецепторлар) түрінде болады. Зәр шығару жүйесі екі жұп безді: антенналды және максиллярлы.





Назарларыңызға рақмет